



**№ 1 (37)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Д. Досмырза
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

2014 жылдың қорытындысы және 2015 жылға арналған басымды міндеттер бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы туралы, Астана қ., 2015 жылғы 6 ақпан (ҚР Әділет министрлігінің баспа қызметі).....	5
Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70-жылдығы.....	9
З.К. АЮПОВА, Ә.Ғ. САҚТАҒАНОВ Ұстаздар және тәлім- герлер – соғыс батырлары туралы.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Ұлы Отан соғысына қатысушы заңгерлер	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	18
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Қазақстан Республика- сындағы тәуелсіздіктің конституциялық-құқықтық негіздері туралы мәселесіне.....	18
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, И.О. ӘУБӘКІРОВА Қазақстан Респу- бликасы мен Еуропа елдеріндегі мемлекеттік қызметті құқық- тық қамтамасыз ету: салыстырмалы тәжірибе.....	23
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	29
А.А. МҰҚАШЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша қоғамдық бірлестіктерінің қызметін құқықтық реттеу.....	29
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір салалары мен ішкі салаларын кодификациялау мәселелері туралы.....	36
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	41
А.Қ. ҚАНАТОВ, Н.М. МҰНАЙТБАСОВ Сотқа деген сенім- діліктің деонтологиялық негіздері.....	41
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Экологиялық қауіп- сіздікке қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзу- шылықтардың криминологиялық сипаттамасы.....	45
Ж.К. ҚОЖАНТАЕВА Тонау заты туралы мәселе бойынша...	
М.К. ЖОЛЫМБАЕВ, Г.Ж. ӘМІРОВА Жасырын тергеуінің процесуалдық әрекеттерінің кәзіргі заманның континентал- дық қылмыстық-процесінің заңнамасы.....	57
А.Ж. ЖЫЛҚЫБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Кәмелет жасқа толмаған- дардың қылмыстылығы криминологиялық зерттеу объектісі ретінде.....	63

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	68
М.А. СӨРСЕМБАЕВ Еуропа одағы тәжірибесі тұрғысында қоршаған ортаға энергетика әсерінің ЕАЭО аясындағы құқықтық мәселелері.....	68
Қ.С. МӘУЛЕНОВ Миграциялық үдерістер саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (Мәскеу қ.) Қазіргі халықаралық құқық трендідегі еуразиялық интеграциялық процестер.....	83
Құқықтық мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Заңнаманың тиімділігін айқындау.....	92
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	95
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстандағы тіл саясаты.....	95
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Халықаралық шарт жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудегі кейбір мәселелер.....	100
М.Ә. ӘБДІРЕЕВА Заңнамалық актілер тілін жетілдіру мәселелері туралы.....	104
А.М. ҚАСЫМОВА Ұлттық терминологиядағы жүйелілік мәселесі туралы.....	108
Н.А. ХАМЗИНА Мемлекеттік тілдегі заңнаманың кейбір мәселелері.....	112
Шетелдік тәжірибе	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Америка Құрама Штаттарының сот жүйесінің ерекшеліктері.....	116
Жас ғалым мінбері	122
Д.Ш. ҚҰСАЙЫНОВ Тұрғын үй қатынасы саласындағы алаяқтылықты тергеудің алғашқы сатысының ерекшеліктері.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасы: Еуропалық Одақ құқығымен салыстырмалы сараптама.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына халықаралық шарттарды имплементациялау тәртібінің өзекті сұрақтары.....	134
Е.А. ОМАРОВ Қылмыстық іс бойынша халықаралық тапсырмаларды орындау барысында алынған құпия мәліметтерді сақтау қағидасы.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысындағы елеулі зиян ұғымын анықтау мәселелері.....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия және Біріккен Ұлттар Ұйымы.....	154
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарыштық қоршаған ортаны ластағаны үшін халықаралық құқықтық жауапкершілік (Қазақстан Республикасы тәжірибесі).....	158
А.Ж. САДЫҚОВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	164
Ақпараттық хабарламалар	169
2015 ж. 3 сәуірде Астана қ. өткізілетін әкімшілік рәсімдерді заңнамалық реттеуді жетілдіру мәселелері, оның ішінде «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заң жобасын (жаңа редакция) әзірлеу сұрақтары бойынша дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	169
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері	171
Мерейтой	172
З.Ғ.Д., проф. М.С. Нәрікбаевтің 75 жылдық мерейтойына орай.....	172
З.Ғ.Д., проф. Қ.С. Мәуленовтің 60 жылдық мерейтойына орай.....	174



**№ 1 (37)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Д. Досмырза
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz


Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

О расширенном заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан по итогам 2014 года и приоритетным задачам на 2015 год, г. Астана, 6 февраля 2015 года (пресс-служба Министерства юстиции РК).....	5
<i>70-летие Победы в Великой Отечественной войне.....</i>	9
З.К. АЮПОВА, А.Г. САКТАГАНОВ Об учителях и наставниках - героях войны.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Юристы-участники Великой Отечественной войны.....	13
<i>Конституционное и административное право</i>	18
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о конституционно-правовых основах суверенитета в Республике Казахстан	18
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, И.У. АУБАКИРОВА Правовое обеспечение государственных услуг в Республике Казахстан и европейских странах: сравнительный опыт.....	23
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	29
А.А. МУКАШЕВА Правовое регулирование деятельности общественных объединений по законодательству Республики Казахстан.....	29
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА О проблемах кодификации некоторых отраслей и подотраслей законодательства Республики Казахстан.....	36
<i>Уголовное право и уголовный процесс</i>	41
А.К. КАНАТОВ, Н.М. МУНАЙТБАСОВ Деонтологические основы повышения доверия к суду.....	41
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Криминологическая характеристика уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность.....	45
Ж.К. КОЖАНТАЕВА К вопросу о предмете грабежа.....	52
М.К. ЖОЛУМБАЕВ, Г.Ж. АМИРОВА О конфиденциальных процессуальных действиях в современном континентальном уголовно-процессуальном законодательстве.....	57
А.Ж. ЖИЛКУБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Преступность несовершеннолетних как объект криминологического изучения.....	63

Международное право и сравнительное правоведение	68
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовые проблемы влияния энергетики на окружающую среду в рамках ЕАЭС в свете опыта Европейского союза.....	68
К.С. МАУЛЕНОВ Международно-правовое сотрудничество Республики Казахстан в области миграционных процессов.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (г. Москва) Евразийские интеграционные процессы в тренде современного международного права.....	83
Правовой мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Определение эффективности законодательства.....	92
Из практики законотворчества на государственном языке	95
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Языковая политика в Казахстане.....	95
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Некоторые вопросы обеспечения аутентичности текстов международных договоров.....	100
М.А. АБДРЕЕВА О проблемах совершенствования языка законодательных актов.....	104
А.М. КАСЫМОВА О проблеме системности в национальной терминологии	108
Н.А. ХАМЗИНА Некоторые вопросы законодательства на государственном языке.....	112
Зарубежный опыт	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Особенности судебной системы Соединенных Штатов Америки....	116
Трибуна молодого ученого	122
Д.Ш. КУСАИНОВ Особенности первоначального этапа расследования мошенничества в сфере жилищных отношений.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Законодательство Республики Казахстан в сфере защиты персональных данных: сравнительный анализ с правом Европейского Союза.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Проблемные вопросы порядка имплементации международных договоров в уголовное законодательство Республики Казахстан.....	134
Е.А. ОМАРОВ Принцип конфиденциальности сведений, полученных в ходе исполнения международных поручений по уголовным делам.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Международный опыт в борьбе с коррупцией.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Проблемы определения понятия «существенный вред в превышении власти или должностных полномочий».....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия и Организация Объединенных Наций.....	154
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за загрязнение космической окружающей среды (опыт Республики Казахстан).....	158
А.Ж. САДЫКОВ Некоторые проблемы правового регулирования предпринимательской деятельности некоммерческих организаций по законодательству Республики Казахстан....	164
Информационные сообщения	169
Информационное сообщение о круглом столе по вопросам совершенствования законодательного регулирования административных процедур, в том числе разработки проекта Закона «Об административных процедурах» (новая редакция) 3 апреля 2015 года в г. Астана	170
Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова	171
Юбилей	172
К 75-летию д.ю.н., проф. М.С. Нарикбаева.....	172
К 60-летию д.ю.н., проф. К.С. Мауленова.....	174



Омарханова Зарина Бактыбаевна,
*Қаржы полициясы академиясының магистранты,
қаржы полициясының аға лейтенанты*

«БИЛІКТІ НЕМЕСЕ ЛАУАЗЫМДЫҚ ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ АСЫРА ПАЙДАЛАНУ ҚЫЛМЫСЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ЗИЯН» ҰҒЫМЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...Жетінші бағыт ретінде, Мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру деп атап, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет. Заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуға тиіс.Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс. Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру», -деп атап өткен болатын [1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XV Съезінде арнайы тапсырма беріп, «саяси көшбасшылықтың принципті мәселесі ретінде партияға сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресудің стратегиясын әзірлеуді» тапсырып, 2014 жылы 11 қарашада «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған партиялық бағдарламасы қабылданған» болатын [2].

Бұл бағдарлама еліміздің Президенті – партияның Лидері Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы ««Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында қойылған мақсаттар мен міндеттерді іс жүзіне асыруға бағытталған шараның бірі бола тұра, жемқорлықтың салдарын емес, оны тудыратын негізгі себептерге қарсы бағытталған шаралардан тұрады [3].

Осыған орай, заң ғылымдарының докторы, профессор А.А. Смагулов: «Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлық және лауазымдық қылмыстармен күресудің жеке жүйесін қалыптастырды, бұған негіз ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тұрақты саяси жігері табылады. Әр 5 жыл сайын Елбасы жарлығымен сыбайлас жемқорлықпен күресудің мемлекеттік бағдарламалары дайындалады. Сыбайлас жемқорлық және лауазымдық қылмыстар еліміздің экономикалық тұрақтылығы мен беделіне кері әсерін тигізеді», -деп атап өткен болатын [4].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат» тұжырымдамасы негізінде 2014 жылғы 3 шілдеде №226-V Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі әзірленіп, қабылданған болатын. Сондай-ақ қылмыстық заңнаманы ізгілендіру Елбасы Жарлығымен бекітілген 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес болуы міндетті. Осы тұжырымдама бойынша қылмыстық заңнаманы халықаралық келісімдермен сәйкестендіру маңыздылығы нақты орынды алады [5].

2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған №226-V Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде көптеген өзгерістермен толықтырулар қылмыстық-құқықтық реттеуді жетілдіруге ықпалын тигізгенімен, кемшіліктері де болып жатады. Қылмыстық заңның тұрақсыздығының бір зиянды салдарының бірі – оның мазмұнының өзгеріп отыруында. Осындай кемшіліктерді анықтау және жою көп жағдайда заңнамалық мәтінді құрастырудың мұқияттылығымен жүзеге

асырылады [6].

Жаңа Қылмыстық кодексте сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрестің мемлекеттік саясаты да көрініс тауып, сыбайлас жемқорлық және лауазымдық қылмысқа жауаптылықтың кешенді нормалары қамтылады.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда зиянды, қоғамға қауіптілік дәрежесі бойынша қылмыс деп танылатын құбылысқа құқықтық бағалау беруді қылмыстық құқық, қылмыстық заңнама қарастырады және қылмысты іс-әрекеттерге құқықтық бағалау жүргізудің негізі немесе заңды моделі ретінде қылмыстық заң, яғни Қылмыстық кодекс алынады.

Қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғудың нәтижесі – залалда. Залал немесе зиян әртүрлі болуы мүмкін: материалдық, психологиялық, саяси, әлеуметтік, ұйымдастырушылық және тағы басқалай.

Залалдың сипаты мен мөлшері 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған №226-V Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде анықталған. Заңшығарушы топтық және тікелей объектінің маңыздылығы мен құндылығын басшылыққа алады. Құқыққа қарсы әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесі оның болған немесе нақты болуы мүмкін нәтижесі осыған негізделіп, айқындалады.

Саяси, идеологиялық, ұйымдастырушылық психикалық, әлеуметтік мәнісіндегі моральдық зияндар көзге көрінбейтін сипатта болғандықтан оларды өлшеу белгілі бір қиындықтарды туғызады. Осы орайда уақыт, қол сұғу объектісіндегі зиянды өзгерістердің ұзақтығы, тереңдігі, тұрақтылығы, қылмыс объектісінің құндылығымен айқындалатын келтірілген зиянның орнының толтырылмайтындығы, іс-әрекеттің жасалған орны және уақытына сәйкес объектінің залалсыз қызмет атқаруының өзектілігі және басқа өлшем бірліктерін басшылыққа аламыз.

Қылмыстық құқық ғылымының басты мақсаттарының бірі, ол қылмыстық заңның институттары мен нормаларын жетілдіру мақсатында ақиқат болмысындағы кейбір заңға қатысты қоғамдық элементтерді дұрыс түсіне білу және заңды сот-тергеу практикасында қолданудағы ыңғайлы түрде құрастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы №18 нормативтік қаулысы «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы», - деп аталады.

Алайда бұл нормативтік қаулыда тек сыбайлас жемқорлық қылмыстар қарастырылып, лауазымдық қылмыстарға назар қойылмаған. Сондай-ақ, жоғарыда аталған нормативтік қаулы 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіне сәйкес келмегендіктен, бұл нормативтік қаулыны толығымен Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық Кодексіне сәйкестендіру қажет [7].

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасы Жаңа Қылмыстық кодексінің 362-бабы, яғни билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану нормасына нақты тоқталып өтсек. Аталған норма лауазымдық қылмыс, тек ҚР ҚК 362-баптың 4-бөлігі 3-тармақшасы сыбайлас жемқорлық қылмыс болып табылады [6].

Заң ғылымдарының докторы, профессор С.М. Рахметов: «билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану мемлекеттік қызметшілердің және лауазымды тұлғалардың заңмен бекітілген міндеттерін бұзу және заңдармен, ережелермен, нұсқаулармен, бұйрықтармен және басқада нормативтік құжаттармен реттелетін олардың құзыретінен асып шығатын іс-әрекет орындауы болып табылады. Лауазымдық қылмыс басқа қылмысты жасау үшін тәсіл болып табылады және жиі қабысып жүреді.

Сондай-ақ, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысының субъектілерін екі түрге бөліп қарастырған жөн, бұнда 2 субъект қарастырылады: біріншісі, биліктік өкілеттіктерге ие тұлға, яғни билік өкілі, екіншісі, лауазымдық өкілеттіктері, яғни лауазым бойынша құқықтары мен міндеттері заңнамалық актілермен, заң асты актілерімен белгіленген лауазымдық тұлға. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысы азаматқа, ұйымға және мемлекет құқықтары мен қызығушылықтарына елеулі зиян келтіреді», - деп есептейді [8;194-197]. Бұл пікірмен біз толықтай келісеміз.

Қолданыстағы Жаңа Қылмыстық кодекстің 362-бабының диспозициясына тоқталып өтетін болсақ, норма келесі нысанда: «1. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне

елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы...» [6].

Бұндағы «елеулі зиян» ұғымына жаңа Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің 3-бабында: «14) елеулі зиян – Қылмыстық Кодекстекөзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар: адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу; айтарлықтай залал келтіру; жәбірленуші адамда өмірлік қиын жағдайдың туындауы» түсінік беріліп, елеулі зиянды айтарлықтай зиян келтіру ретінде қарастырып өткен болатын [6].

Бірақ, Жаңа Қылмыстық кодекстің 3-бабында «2) айтарлықтай залал және айтарлықтай мөлшер – 198 және 199-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған тауарлардың құны; 202-бапта – айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомадағы залал; 214-бапта – құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар саны; 218-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға қылмыстық жолмен алынған ақша және (немесе) өзге мүлік; 233-бапта – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомада келтірілген залал; 325, 326, 328, 335, 337 және 342-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомадағы залал мөлшері; 366 және 367-баптарда – елуден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны», -деп көрсетіліп өткенмен, Жаңа Қылмыстық кодекстің 362-бабы, яғни билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысы бұл тізімде аталмай өткен.

Алайда, ҚР ҚК 3-бабы 2-тармағында: «2) айтарлықтай залал және айтарлықтай мөлшер -өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомадағы залал мөлшері», -

деп көрсетілгенімен, бұл тармақшаның «елеулі зиян», яғни ҚР ҚК 3-бабы 14-тармағындағы «.....айтарлықтай залал келтіру...» деген түсінік деп есептеуде тәжірибедегі қызметкер заңды қолданғанда қиындықтарға душар болуы мүмкін. Себебі, «елеулі зиянды» ҚР ҚК 3-бабы 2-тармағында: «2) айтарлықтай залал және айтарлықтай мөлшер», - деп түсіну үшін ешқандай сілтемелер мен түсініктер қазіргі таңда жоқ.

Тәжірибеде заңды қолдану бойынша түсінікпеушіліктер мен қиындықтар туындамас үшін, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 18 нормативтік қаулысы «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы» қаулының 1-тармағында келесідей анықталған: «1. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстардың азаматтардың, ұйымдардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне елеулі зиян келтіретініне соттардың назары аударылсын, сондықтан осы санаттағы істерді дұрыс және өз уақытында қарау олардың құқықтық қорғалуын шынайы қамтамасыз етудің аса маңызды шарттарының бірі болып табылады» [7].

Біздің ойымызша, осы 1-тармақтан кейін 1.1-тармақшада «елеулі зиянды» анықтау үшін келесі норманы: «Қазақстан Республикасы жаңа Қылмыстық кодексінің 362-бабы саралау кезінде елеулі зиянды анықтау үшін айтарлықтай залал келтіру ретінде ҚР ҚК 3-бабының 2-тармағындағы: «2) айтарлықтай залал және айтарлықтай мөлшер -өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомадағы залал мөлшері.....», - деп сілтеме жасай отырып енгізген қажет деп есептейміз.

Сонда ғана, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы жаңа Қылмыстық кодексінің 362-бабының диспозициясында көрсетілген «елеулі зиян» түсінігі, және оның анықтамасындағы айтарлықтай залалады түсіну үшін Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының нормативтік қаулысы заңды негіз болып табылады деп есептейміз.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының қаулыларын зерделей келе, лауазымдық қылмыстарға қатысты жеке арнайы нормативтік қаулылардың жоқтығын анықтадық. Сол себептен, жеке лауазымдық қылмыстар мәселелеріне қатысты жеке бөлек Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының нормативтік қаулысын дайындау қажет немесе сыбайлас

жемқорлыққа байланысты нормативтік қаулыларда арнайы тармақ немесе бөлік ретінде атау қажет деген тұжырымға келеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
2. 2014 жылы 11 қараша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған партиялық бағдарлама», «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы;
3. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы. / Астана ақшамы газеті. № 143-144 (2905). 15 желтоқсан 2012 жыл. <http://nurotan.kz/kz> веб-сайты;
4. Смағұлов А.А. «Сыбайлас жемқорлықпен күресудегі Қазақстандық тәжірибе» - РФ Үкіметі Заң шығару институты мен салыстырмалы құқық жүргізу, Бірінші Еуразиялық сыбайлас жемқорлыққа қарсы форум, Мәскеу қ., 30.05. 2012 ж.;
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат» тұжырымдамасы. / Егемен Қазақстан газеті. № 281-283. 28 тамыз 2009 жыл;
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ;
7. Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді қарау практикасы туралы» № 18 нормативтік қаулысы.
8. Рахметов С.М., Борчашвили И.Ш. «Уголовно-правовые меры борьбы с коррупцией: Монография»- Астана қ., 2012ж.-364 б.



Бұл мақалада автор Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 362-бабына сәйкес, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысындағы елеулі зиян ұғымын анықтау мәселелерін қарастырған.

Түйін сөздер: билік, лауазымдық өкілеттік, елеулі зиян, айтарлықтай залал, Жаңа Қылмыстық кодекс.

В данной статье автор рассматривает проблемы определения понятия существенный вред в превышении власти или должностных полномочий согласно ст. 362 Уголовного кодекса Республики Казахстан.

Ключевые слова: власть, должностные полномочия, существенный вред, значительный ущерб, Новый Уголовный кодекс.

In this article an author examines the problems of determination of concept substantial harm in exceeding of power or post plenary powers in obedience to an item the 362 Criminal codes the republic of Kazakhstan.

Keywords: power, post plenary powers, substantial harm, considerable damage, New Criminal code.

Зарина Бактыбайқызы Омарханова,

Қаржы полициясы академиясының магистранты, қаржы полициясының аға лейтенанты

«Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысындағы елеулі зиян» ұғымын анықтау мәселелері

Омарханова Зарина Бактыбаевна,

магистрантка Академии финансовой полиции, лейтенант финансовой полиции

Проблемы определения понятия «существенный вред в превышении власти или должностных полномочий»

Omarkhanova Zarina Baktybayevna,

undergraduate of the Academy of Financial Police, Lieutenant financial police

The problems of determination of concept substantial harm in exceeding of power or post plenary powers

